

#21-22

(1035-1036)

26 қыркүйек

2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ҚАЗАҚСТАН: БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ТЕПЕ-ТЕҢДІК, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, БЕЙБІТШІЛІК



Фото: Акорда

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йорк сапары туралы 2-3 беттерден оқыңыздар →)

✓ BRENT \$67,18

✓ USD 545,5 T

✓ EUR 644,5 T

✓ RUB 6.53 T

«XXI ҒАСЫРДА БҰҰ БЕДЕЛІН КӨТЕРУ ҮШІН ҰЙЫМҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ІРГЕСІН БЕКЕМДЕЙТІН НАҚТЫ ҚАДАМДАР ЖАСАУҒА ТИІС. ӘЙТПЕСЕ, БҰҰ ҮНЕМІ МӘСЕЛЕНІҢ САЛДАРЫМЕН КҮРЕСУДЕН КӨЗ АШПАЙДЫ. АЛ ПРОБЛЕМАНЫҢ ТҮПКІ СЕБЕПТЕРІ ҮСТІ-ҮСТІНЕ КӨБЕЙЕ БЕРЕДІ. БІЗ БҰЛ ҮДЕРІСТІ ДӘЛ БҮГІННЕН БАСТАЙ АЛАМЫЗ. ОЛ ҮШІН БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА БЕЙІЛ ЕКЕНІМІЗДІ ТАҒЫ ДА РАСТАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ».



ҚАЗАҚСТАН: БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ТЕПЕ-ТЕҢДІК, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, БЕЙБІТШІЛІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта сөйлеген сөзінде осылай деді.

Мемлекет басшысы көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын, халықаралық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналғанын атап көрсетті: «Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет».

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайтынын, қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ екенін айта келе: «Осы орайда Біріккен Ұлттар Ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді. Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді», – деді.

Мемлекет басшысының пікірінше, дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның биік мінберінен еліміздің бейбітшілікті жақтайтынын айтты: «Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.

Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

Қазақстан араағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік».

ТАҚЫРЫПТАҒЫ ЖЕМІС ТҮРІ НЬЮ-ЙОРКПЕН ЕТЕНЕ. СОНАУ ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 20-ШЫ ЖЫЛДАРЫ «МҰНДА КЕЛГЕНДЕР МОЛ ОЛЖАҒА КЕНЕЛЕДІ, МҮМКІНДІГІ ШЕКСІЗ» ДЕП ҚАЛАНЫ ОСЫЛАЙ АТАҒАН ДЕСЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, МІНЕ, ОСЫ «ҮЛКЕН АЛМА» (BIG APPLE) ШАҺАРЫНДА ШЫН МӘНІНДЕ ЖЕМІСТІ ДЕ НӘТИЖЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ. БҰЛ – ҒАЛАМДЫҚ КАПИТАЛДЫҢ МАЙЫН ІШКЕН АУЗЫ ДУАЛЫ САРАПШЫЛАРДЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ.



Нью-Йоркке саясат көбірек сөз болатын БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысына барған Қазақстан басшысының Fortune Global 500-ге (әлемдегі ең ірі компаниялардың рейтингі) кіретін алпауыт компаниялардың жетекшілерімен ортақ жобалар мен инвестиция жайын талқылауы, сөз жоқ, айтулы оқиға. Олай дейтініміз, Батыстың, нақтырақ айтсақ, американдық компаниялар елімізде бұрынғыдай тек шикізат өндіруге емес, дайын өнім жасауға ықылас танытты. Бұл ретте «Pepsi Co» снек (тамақ) шығаратын зауыт салып жатқанын, ал «Wabtec» отандық теміржолды біздің климатқа бейім локомотивпен қамтамасыз ететінін айтқан абзал. Сапар барысында осы компаниямен құны жалпы 4,2 млрд долларлық келісімге қол қойылды. Локомотивтің жаңа түрін ұсынуды көздейтін осы мәмілені АҚШ президенті Дональд Трамптың өзі жоғары бағалады. Ақ үй қожайынының бастамасымен екі ел президенттері тілдесіп, экономика және сауда салаларындағы өзара ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейту жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысының «Chevron» компаниясының жетекшісі Майкл Уиртпен жүздесуін айрықша атап өткен жөн. Теңіз және Қарашығанақ кеніштері мен Каспий құбыр желісі концорциумында бірегей жобаларды іске асырып жатқан «Chevron-ның», отандық экономиканы әртараптандыруға қосқан үлесі сүбелі. Атап айтқанда, ілеспе газды кәдеге жаратып, Атырауда полипропилен өндірісін шикізатпен қамтамасыз етуде.

«ҮЛКЕН АЛМАДАҒЫ» ЖЕМІСТІ ЖҮЗДЕСУ

Кездесуде еліміздегі «қара алтын» өндірісін еселеуге мүмкіндік беретін Теңіз кенішінің аясын кеңейту, Қарашығанақта газ өндіру мен қайта өңдеу, сондай-ақ, көмірсутегіні әлемдік базарға жеткізуде маңызды бағыт – Орта дәліз арқылы жеткізу жайы талқыланды. Айта кету керек, «Chevron» мен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойып, жергілікті қамтуды дамыту, әсіресе, технологияларды интеграциялау, жергілікті маман-кадрлардың біліктілігін арттыру жөнінде уағдалсты.

«Үлкен Алма» қаласы қазақ-американ іскерлік байланысын жаңа белеске көтерген келіссөздермен ерекшеленеді. Президент американдық бизнесі өкілдерінің қатысуымен өткен алқалы жиында сөз сөйледі. «Meta», «Blackstone», «Citigroup» сияқты әлемге әйгілі компанияларымен жасанды интелекті дамыту және инвестиция тарту мәселесін талқылады.

Американдық бизнесі Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүдделі. Әрі еліміздегі қолайлы



инвестициялық ахуалды, сондай-ақ, отандық экономиканың әлеуетін жетік біледі. Бұлай дейтініміз, Президентпен ынтымақтастық жайын талқылаған «Goldman Sachs» компаниясы осыдан біраз бұрын Қазақстандағы жалпы ішкі өнім көлемі келешекте 2,1 трлн долларға жетіп, экономиканың топ-30 қатарына кіретін хабарлаған болатын.

Срайыл СМАЙЫЛ
Сурет: aqorda_resmi



**АСТАНАДАН КӨККЕ
КӨТЕРІЛГЕН ҰШАҚ АСПАН
АСТЫ ЕЛІНІҢ БАС ҚАЛАСЫНА
КЕЛІП ҚОНДЫ. БІР ЖАРЫМ
МИЛЛИАРДҚА ЖУЫҚ ХАЛҚЫ
БАР ҚЫТАЙҒА АЛҒАШ
КЕЛУІМ. БЕЙЖІНДЕ ЖЫЛЫ
ЖАУЫН СІРКІРЕП ТҰР. ЕКІ ЕЛ
АРАСЫНДА ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ
ЕНГІЗІЛГЕЛІ БЕРІ ШЕКАРАДАН
ӨТУ ЖЕҢІЛДЕГЕН. СЫРТТА
БІЗДІ КҮТІП ТҰРҒАН
ЕЛШІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ҚОНАҚҮЙГЕ ДЕЙІН ШЫҒАРЫП
САЛДЫ. МҰНДА БІР ТҮН
ҚАЛЫП, ЕРТЕҢІНЕ ТЯНЖИҢ
ҚАЛАСЫНА АТТАНБАҚПЫЗ.
ҚЫТАЙ ЕЛІ АЛДАҒЫ КҮНДЕРІ
ӨТЕТІН ҮЛКЕН ЖИЫНҒА
ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР.**

ТЯНЖИҢДЕГІ ТАРИХИ ЖИЫН

Таңертеңнен автобуспен жолға шыққан біз екі сағат дегенде межелі жерге келіп жеттік. Қытайдың ең тарихи әрі заманауи қаласы Тянжиңде Шанхай Ынтымақтастығы ұйымының тарихи саммиті өтеді. Қала жұрты 26 елдің лидері мен 10-нан астам халықаралық ұйымның басшысын күтіп алуға қызу дайындалып жатыр. Бұл қонақтардың ішінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та бар.

Саммиттен ертерек барған біз қаланы аралап, жергілікті журналистермен таныстық. Барлығы

бізден қала, жалпы Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығы жайлы пікірімізді сұрап жатты. Қытай әріптестеріміздің сұрағына жауап бере отырып, олардан мынаны сұрадым: Бейжің, Шанхай секілді үлкен қалалары тұрғанда ШЫҰ-ның тарихи саммитін өткізу үшін Қытай неліктен Тянжиңді таңдады? Жергілікті әріптестеріміз «бұл модерн қала», «тарих пен заманауи өмір керемет үйлесін тапқан» деген жалпылама жауаптарын айтып жатты. Аспан асты еліне келгелі мені мазалаған сұрақ осы еді. Неліктен Тянжиң? Ең алдымен Сары теңіздің

жағасында орналасқан Тяньцзинь портты қала. Бұл күндері Еуропа мен Қытай арасын жалғап жатқан Транскаспий халықаралық көлік бағдары басталатын тұсы. Кейінгі жылдары Орта дәліздің маңызы артып, Қазақстанның транзиттік әлеуеті қарқынды дамып жатыр. Былтыр Сианьда, биыл Алматыда ашылған қазақ-қытай логистикалық орталықтары екі ел арасындағы логистикалық байланыстардың, Орта дәліздің әлеуеті кеңейіп жатқанын көрсетсе керек. Бір жағынан Тяньцзинь Бейжіңге де тиіп тұрғандықтан логистика, қатынау оңай. Санамалай берсек, расымен де Тяньцзиньнің ШЫҰ саммитін өткізуге себеп көптеп шыға бермек. Қала тарихи жиынды өткізуге тыңғылықты дайындалыпты. Жиын кезінде барлық істің басы-қасында жүретін 1000 еріктіні дипломатия этикасына оқытқанынан-ақ Қытайдың бұл саммитке қаншалықты маңыз бергенін байқауға болады.

Жиынға дейін жұмысымызға кірісіп, жергілікті сарапшылардан сұхбат алдық. Шанхай Ынтымақтастығы ұйымын зерттеу орталығының бас хатшысы Чэнь Юйжун ұйымдағы Қазақстанның рөлі жайлы былай деді:

«Қазақстан – ШЫҰ-ның маңызды құрылтайшы мүшелерінің бірі. 24 жыл бойы Қазақстан басқа мемлекеттермен бірге қауіпсіздік, экономика және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамытуда елеулі рөл атқарып келеді. 2024 жылы Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалық етіп, Астанада Мемлекет басшылары кеңесінің отырысын өткізді. Бұл жиын ұйымның дамуына айрықша серпін беріп, биылғы Тяньцзинь саммитіне негіз қалады. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда әлемде қақтығыстар жиілеп, тұрақсыздық артып отыр. Осындай жағдайда Қытай мен Қазақстан ШЫҰ аясында жаңа сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұрып, аймақтың қауіпсіздігі мен экономикалық дамуы үшін қолайлы жағдай жасауда».



Ал ШЫҰ қазіргі бас хатшысы Нұрлан Ермекбаев еліміздің бұл ұйымдағы рөлі, осы жолғы саммиттің ерекшеліктері жайлы егжей-тегжейлі айтып берді. Сонымен қатар, Тяньцзинь саммитінде Орталық Азияға ортақ су мәселесі қаралатынын жеткізді.

«ШЫҰ негізін қалаған соң бірінші күннен бастап Қазақстан оның құқықтық базасын қалыптастыруға, ынтымақтастықтың үш негізгі бағыты саяси қауіпсіздік, экономикалық және мәдени гуманитарлық салаларында көптеген бастамаларды алға қойып, көптеген жобалар және іс-шаралар іске асырды. Бұл жолы Қазақстан Президенті көптеген жақсы бастамалар, көптеген

жақсы ұсыныс жасайды. Оның ішінде, мысал үшін, су қауіпсіздігіне байланысты, сумен қамтамасыз етуге байланысты жақсы ұсыныс жасалмақ. Бұл өте өзекті мәселе, өйткені бұл мәселеге тек Қазақстан ғана емес, басқа да, орталық Азия мемлекеттері өте үлкен назар бөліп отыр. Мысалы, Тәжікстанда мұзды сақтау жөніндегі үлкен конференция өткізілді. Қырғызстан тауды сақтау жөніндегі бір үлкен форум өткізілді. Ал, келесі төрағалық ететін мемлекет Қырғызстан болады. Сондықтан, әрине, бұл болашақ төраға мемлекетке де, басқа мемлекеттерге де су қауіпсіздігі және су сақтау мәселесі өте маңызды».

1 қыркүйек. ШЫҰ ұйымы саммитінің негізгі күні. Медиа орталыққа таңертенен жиналған журналистер қауымы толассыз ақпарат таратып жатыр. Бұл ШЫҰ-ның ең ауқымды әрі тарихи саммиті екенін атап өткен жөн. Жиында Қазақстан Президенті қауіпсіздіктен жасанды интеллектіге дейінгі барлық мәселеде пікірін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды.

ШЫҰ құрылған сәттен бері мүше елдердің әлемдік ішкі жалпы өнімдегі үлесі екі есе ұлғайып, 30 пайызға жетті. Ішкі өңірлік сауда сенімді түрде өсіп келеді. Былтырғы қорытынды бойынша оның көлемі 650 миллиард доллардан асқан. Қазақстанның ШЫҰ елдерімен тауар айналымы да тұрақты түрде өсіп, өткен жылы 70 миллиард долларға жуықтаған.

Былтыр Шанхай Ынтымақтастық ұйымының саммиті Қазақстанда өткен еді. Еліміздің төрағалығы негізінде Астана декларациясы қабылданды. Онда ШЫҰ-ның жаһандық бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін күшейтудің маңыздылығы айтылған еді. Сондай-ақ жаңа әділ, демократиялық, саяси және экономикалық халықаралық

ТЯНЖИҢДЕГІ ТАРИХИ ЖИЫН



тәртіп сақталатыны сөз болған. Декларацияда аумақтық тұтастық, ішкі істерге араласпау және күш қолданбау қағидаттары маңызды екені жазылған. Сол кезде ұйымға мүше барлық ел Қазақстанның төрағалық аясындағы жұмысын жоғары бағалады. Астана абыроймен аяқталған жиын бүгінде Тянжиңде жалғасып жатыр.

Шанхай Ынтымақтастығы ұйымының әлемдегі танымалдығы, белсенділігі жылдан жылға артып

келеді. Оның бір ғана мысалы жыл сайын өсіп жатқан мүшелікке ұмтылып, бақылаушы және серіктес болуға талпынып жатқан елдердің саны. ШЫҰ негізгі жиыны аяқталған соң араға аз уақыт салып ШЫҰ + жиыны басталды. Бұл жиынның Қазақстан төрағалық еткен Астана саммитінен басталғанын атап өту керек. Мемлекет басшысы бұл жиында ұйым алдында тұрған бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Көптеген мемлекеттің қызығушылығы артқан Ұйым қазіргі заманның өзекті проблемалары жөніндегі нәтижелі пікір алмасу алаңына айнала бастады. Қазақстан Президенті бұл жиында мәселе БҰҰ реформалау, ШЫҰ даму банкін құру және Каспий теңізінің ахуалына ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, келесі жылы Ұйымның 25 жылдығы аталып өтетінін еске салды.

Жалпы Шанхай Ынтымақтастығы ұйымы саммитінің қорытындысы бойынша 20 құжатқа қол қойылды. Ұйымның алдағы он жылға жоспары бекітілді. Қазақстан тарапынан жасалған ұсыныстың бәрі еліміздің ғылыми-техникалық прогресс саласындағы стратегиялық көзқарасының уақыт талабына сай екенін дәлелдейді. Мұндай



проактивті ұстаным Президентімізді Қытай бастамаларына қатысушы ғана емес, сонымен бірге өңірлік даму күн тәртібінің тең авторы ретінде көрсетеді.

Тарихи жиын аяқталып, Тянжиңнен Бейжіңге жүрдек пойызбен аттандық. Қытайға келгенде Пекиннен Тянжиңге автобуспен 2 сағат жүрсек, жүрдек пойыз тура сол қашықтықты 20-ақ минутта жүріп өтті. Сағатына 300 шақырым жылдамдықпен жүйткіген пойызда мемлекеттердің басшылары да бар. Әріптестермен көзді ашып жұмғанша Қытай астанасына жетіп келдік. Басты жиын аяқталса да, мұнда қазақ-қытай іскерлік кеңесінің отырысы мен Қытай халқының жапон басқыншылығына қарсы соғыстағы жеңісінің және Әлемдік антифашистік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған парадқа қатысамыз.

Көрші елдер Қазақстан мен Қытайды 1700 шақырымға созылатын ортақ шекара біріктіреді. Қытай еліміздің ең үлкен экономикалық серіктесі. Жаһанды жайлаған экономикалық сын-қатерлерге қарамастан 2024 жылы екіжақты сауда-саттық көлемі 44 миллиард долларға жетті. 2005 жылдан бері қытайлық кәсіпорындар Қазақстанға 27 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Бұл күндері елімізде қытай капиталының үлесі бар 6 мыңға жуық компания жұмыс істейді. Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті қытай инвесторлары елімізден сенімді серіктестер таба алатынын айтты. Жалпы бұл отырыс бойынша 15 млрд доллардан астам келісімге қол қойылды.

Қазақстан тасымалдайтын өнімнің негізі – шикізат Қытайға кететін тауардағы үлес салмағы басым сала. Әлемдік тәжірибеде экономиканың тек бір бағытына ден қою ұзақмерзімді перспективада тиімсіз саналады. Сондықтан

Үкімет табиғи ресурстардан бөлек өңдеу өнеркәсібін дамыту, шағын кәсіпкерлікті қолдау шарасын кешенді жүргізіп келеді. Бұл үшін Қытайдың технологиялық мүмкіндігін пайдалану негізгі шешімге айналған.

Қытайдағы сапардың соңғы күні. Таңғы 9-да Тяньаньмэнь алаңында әскери парад өтеді. Онда қатысатын журналистерді Қытай басшылығы түнгі 3:00-ден бастап жинады. Үш сағатқа жуық тексерістен өтіп таң алакеуімнен алаңда арнайы берілген орнымызға келіп жайғастық. Әскерилер дайындығын пысықтап жатыр, журналистер камераларын орналастырып әлек.

Тяньаньмэнь алаңы Қытай Халық Республикасының астанасы – Бейжіңнің қақ ортасында орналасқан. Аумағы 440 мың шаршы метр. Бүгін мұнда Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске 80 жыл толуына және жалпы фашизмге қарсы парад өтіп жатыр. Парадқа шамамен 15 мың әскери қызметкер, жүздеген заманауи техника мен ұшақтар қатысып, Қытай қарулы күштерінің соңғы жетістіктері көрсетілмек. 9 мамырда Қазақстанда, Мәскеудің Қызыл алаңында өтетін парадтарды білеміз. Францияда және Үндістанның республика күнінде ауқымды әскери жиындар өтеді. Ал бүгінгі парад Қытай тарихындағы ең үлкені деп айтуға болады. Жалпы әскери парадтардың сипаты әр елдің тарихы мен саяси мәдениетіне байланысты. Кей елдер оны әскери қуатты паш ету үшін қолданса, кейбіреуі ұлттық бірлік пен мәдени әралуандықты көрсету үшін өткізеді. 70 минуттық шеруді қызыл кілеммен жүріп өткен мемлекет басшылары мінберден тамашалады.

Тяньаньмэнь Қытай халқы үшін ең маңызды орын саналады, символикалық тұрғыда қытай

ұлтының жүрегі іспетті. Алаң 1949 жылы мұнда Мао Цзэдун Қытай Халық Республикасының құрылғанын жариялағаннан бастап 1989 жылдың маусым айындағы жаппай наразылықтарды басып-жаншу оқиғаларымен белгілі болды.

Қытай парад барысында алғаш рет құрлық, теңіз және әуедегі стратегиялық күштерін қамтитын ядролық триадасын көрсетті. DF-5С зымыранының бірінің зақымдау радиусы айтарлықтай үлкен ауқымды қамтитыны айтылады. Әскери жиын аяқталар тұста аспанға 80 мың бейбітшілік көгершіні ұшырылды.

Тянжиң төрінде өткен ШЫҰ-ның ең ірі саммиті – ұйым тарихындағы жаңа дәуірдің бастауы. Осы жиында алдағы он жылдың бағыты айқындалды. Қазақстан басшысы кең ауқымды мәселелерде өз көзқарасын білдіріп, қауіпсіздік, экономикалық серіктестік пен көлік интеграциясын нығайтудың басым бағыттарын ұсынды. Пекин мен Астананың арасындағы сенім мен өзара құрмет, екі көшбасшы арасындағы ерекше диалог, Қазақстан мен Қытайдың ұзақ мерзімді ортақ мүдделерін айқын көрсетті.



Әбдіманап КЕҢЕС,

журналист

Арнайы Jas Qazaq үшін
Суреттерді түсірген автор



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕНГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЗАХРА МАХАНОВАНЫҢ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН SEZUAL – AVTO ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ СҰХБАТЫН ҰСЫНАМЫЗ.

SEZUAL – AVTO ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ



Сәлеметсіз бе! Бүгін біз мүмкіндігі шектеулі жандардың көлік жүргізу мүмкіндіктерін кеңейтетін ерекше бастама – SEZUAL – AVTO жобасы туралы сөйлесеміз. Біздің студиямызда жоба өкілі бар. Алдымен, өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

– Сәлеметсіз бе! Мен SEZUAL – AVTO жобасының өкілімін. Есімім – Нұрбек Енсебеков. Біздің

негізгі мақсатымыз – тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтар үшін көлікті бейімдеу жүйелерін жасап шығару, дамыту және оларды қолжетімді ету.

– Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған көлік бейімдеу саласы қаншалықты дамыған?

– Өкінішке қарай, бұл сала бізде әлі дамымаған. Қазақстанда 70

мыңға жуық тірек-қимыл аппараты бұзылған азамат бар, бірақ олардың көбінің жеке көлік жүргізу мүмкіндігі жоқ. Себебі, елімізде мүгедектерге арналған арнайы бейімделген көлік құралдары мен оларға техникалық қызмет көрсететін орталықтар жоқ.

– Бұл адамдардың күнделікті өміріне қалай әсер етеді?

– Бұл олардың әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағдайына үлкен әсер етеді.

Мысалы:

Жеке көліксіз олар жұмысқа орналасуда қиындық көреді.

Қоғамдық көліктің ыңғайсыздығына байланысты қозғалыс еркіндігі шектеледі.

Қала ішінде және сыртында тез әрі қауіпсіз қозғалудың мүмкіндігі болмайды.

– Шетелдік тәжірибе қандай?

Басқа елдерде бұл мәселе қалай шешілген?

– АҚШ пен Еуропада бұл сала өте жақсы дамыған. Оларда арнайы лицензияланған орталықтар арқылы көлікті бейімдеу жүйесі жолға қойылған.

Жапонияда технологиялық тұрғыдан дамыған автоматтандырылған басқару жүйелері бар.

Германияда мемлекеттік қолдаудың арқасында мұндай көліктер салықтық жеңілдіктермен беріледі.

– Сіздер бұл мәселені қалай шешуді жоспарлап отырсыздар?

– Біз төрт негізгі бағытта жұмыс істеп жатырмыз:

Автокөлікті бейімдеуге арналған құрылғыларды жасау және өндіру.

Сервистік орталықтар ашу және қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру.

Қауіпсіздік пен қолжетімділікті қамтамасыз ететін заманауи технологияларды енгізу.

Көлік басқару жүйелерін әртүрлі физикалық мүмкіндіктерге бейімдеу.

– Жүйелердің қауіпсіздігі мен сенімділігіне қалай кепілдік бересіздер?

– Біз барлық техникалық стандарттарды сақтай отырып, «Мүгедектерге арналған автокөлікті



бейімдеу құрылғысы» атты ресми авторлық куәлікке (№34105, 2023 жылғы 25 наурыз) ие болдық.

Қазіргі таңда пайдалы модельге патент алу процесі жүріп жатыр.

Әр құрылғы тесттен өткізіліп, қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

– Мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау бар ма?

– Қазіргі уақытта бірқатар мемлекеттік бағдарламаларға қатысу жоспарымызда бар.

Біздің жобамызды инвестициялық гранттар, мемлекеттік субсидиялар және әлеуметтік бастамалар аясында қолдауға болады.

Көптеген елдерде мүгедектерге арналған арнайы көлік құралдарын сатып алу мен бейімдеу шығындары мемлекет тарапынан өтеледі, біз де Қазақстанда осындай тәжірибені енгізуді ұсынамыз.

– Сіздерге келіп түскен пікірлер қандай? Пайдаланушылардың алғашқы тәжірибесі қандай болды?

– Біз алғашқы көлік бейімдеу құрылғыларын орнатып, сынақтан өткіздік. Олардың ішінде белсенді жүргізушілер де, алғаш рет көлік жүргізген азаматтар да бар. Барлығы ыңғайлы әрі сенімді жүйе екенін атап өтті.

– Жобаның болашағы қандай?

– Біз өндірісті кеңейтуді, аймақтарда сервистік орталықтар ашуды, қолжетімділікті арттыру үшін мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды жоспарлап отырмыз.

– SEZUAL – AVTO жобасының түпкі мақсаты қандай?

– Біздің басты мақсатымыз – әрбір азаматтың тең мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз ету. Көлік – бұл еркіндік, ал біз осы еркіндікті баршаға қолжетімді етуді қалаймыз.

– Өте тамаша бастама! Сіздерге сәттілік тілейміз!

– Көп рақмет! Біз қоғам үшін пайдалы іс жасауға дайынбыз.



Захра МАХАНОВА

БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq gazetі мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕНГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЖАНАР ӘУКЕНОВА ӨЗ ЖАЗБАСЫН ӨНЕРЛІ ЖАС АЛТЫНАЙ ҚАНАПИЯҒА АРНАПТЫ.

АЛТЫНАЙДЫҢ
ТАБЫСТЫ ЖОЛЫ

суырыпсалмалық қабілетімен көпшілік алдында өлең өріп, қарсыласымен сөз сайысына түсіп, ой ұшқырлығын танытты. Айтыс сахнасындағы алғашқы қадамдары оның өнерге деген жігерін одан әрі шыңдай түсті.

БІЛІМ МЕН
ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ
ЖЕМІСІ

Жастайынан әдебиетке ынтық болған Алтынай жоғары оқу орнына түсуді мақсат етті. Таңдауы – филология факультеті. Бұл сала оған тек білім ғана емес, қазақ тілі мен әдебиетін терең түсініп, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Оқу барысында ол өз талабымен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Ғылыми жұмыстарға да араласып, шығармашылықпен қатар ізденістен қол үзген жоқ. Тынымсыз еңбегінің арқасында университетті қызыл дипломмен аяқтады. Бұл – оның табандылығының, білімге деген адалдығының айқын көрінісі.

ЖАҢА БЕЛЕСТЕР – БИІК АРМАН
ЖОЛЫНДА

Бүгінде Алтынай Қанапия еліміздің ең беделді әуе компанияларының бірі – «Эйр

Астана» әуе компаниясында стюардесса болып еңбек етуде. Бұл мамандық оған тек қана қызмет емес, үлкен өмір мектебі болды. Әуе көгінде сапар шегу арқылы ол жаңа елдерді көреді, түрлі халықтың мәдениетімен танысады, адаммен қарым-қатынас жасаудың қыр-сырын меңгереді.

Кейде «әдебиет пен әуе қызметі – екі түрлі әлем» деп ойлайтындар да бар. Бірақ Алтынай үшін бұл екеуі бір-бірін толықтыратын өмірдің қос қыры іспетті. Күнделікті жұмысы оған тәртіп пен жинақылықты үйретсе, шығармашылық жанын әрқашан шабыттандырып отырады.

Алтынай қаншама жетістікке жетсе де, шығармашылықтан қол үзген емес. Ол әлі де өлең жазып, әдебиетпен сырласып келеді. Оның басты өмірлік ұстанымы – «арманға сенсең, еңбек етсең, кез келген биікке қол жеткізуге болады».

Алтынай Қанапияның өмір жолы – жастар үшін нағыз мотивация. Ол бізге еңбектің, табандылықтың, армандарға адал болудың қандай нәтижеге жеткізетінін көрсетіп отыр.

Армандарға қанат қаққан Алтынайдың табысты жолы – әрбір жасқа үлгі, әр жүрекке жігер берер шындық.

**Жанар
ӘУКЕНОВА,**
курсқа
қатысушы



Әр адамның өмір жолы өзіндік өрнекке толы. Біреу арманын өнерден тапса, енді бірі білімнен қуат алады. Ал бір жандар осы екеуін қатар алып жүріп, табандылығы мен таланты арқылы өзгелерге үлгі бола біледі. Сондай жастың бірі – Алтынай Қанапия.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН
БАСТАЛҒАН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

Алтынай бала күнінен-ақ өлеңге құмар болып өсті. Әдебиетке деген сүйіспеншілігі ерте оянған ол алғашқы шумақтарын мектеп қабырғасында жазып, ұстаздарының, сыныптастарының ыстық ықыласына бөленді. Қарапайым оқушы дәптерінде туған өлеңдері кейін үлкен шығармашылыққа бастар жолдың алғашқы қадамдары еді.

Жыр сүйген жүрек оны айтыс өнеріне де жетеледі. Табиғи



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron
компаниясының бірлескен
ЖОБАСЫ



**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ
ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН
МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ.
ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР
КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА
БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП,
ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА,
СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.**

ӨРНЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

**КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ДИНАРА
БҮРКІТБЕКОВАНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ОЙ-
ӨРНЕГІ ТУРАЛЫ ЖАЗБАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.**

Ою-өрнек – қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен өнерінің маңызды бір бөлігі. Оның түр-түрі киіз үй, кілем, киім мен әшекей, ыдыс-аяқ, тіпті архитектурада көрініс тапқан. Сәннен басқа, әр ою мен өрнектің өзіндік мән-мағынасы бар.

Мәселен, «су өрнегі», «ирексу» немесе «ирек» түрі ою арасындағы шекараны білдірген. Көбіне бас киімнің жиегіне, бешпет, камзолдың жағасы мен жиегіне пайдаланған.

Зерттеушілердің айтуынша, ою-өрнектің төрт түрлі символы бар. Тұрмыстық заттарда жиі кездесетін қошқар мүйіз – байлықтың белгісі, шеңбер – күн мен өмір, крест пішінді элементтер – дүниенің төрт бұрышын бейнелейді.

Ою-өрнекті барынша сәндеп, бояуын қанық етіп жасайды. Кілем мен текеметте негізінен қызыл, қара, ақ, көк және жасыл түстер пайдаланылады.

Қазақтың ою-өрнек үлгілері геометриялық, зооморфтық, өсімдік, космогониялық деп бөлінеді.

Зооморфтық өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық пішіні ерекше орын алады. Оның ішінде қошқар мүйіз, төртқұлақ, түйетабан, ботамойын, түлкібас, құсқанат және тағы басқа оюлар бар.

Өсімдік сипатты ою-өрнек тұрмыстағы ағаш бұйымдарда жиі кездесетін. Мұндай өрнек жапырақ,

гүл, сабақша, өткізбе, шиыршық, тамыр түрінде және жаңадан ашылып келе жатқан жауқазын бейнесінде ұшырасады.

Геометриялық өрнек үй жиһаздарында пайдаланылған. Сызық түріндегі өрнек үй жиһазының жиегінде, қапталдарына нақышталады. Көбінесе, кебеже, әбдіренің орта тұсында шеңбер, сызық түрінде бедерленген. Тұрмыста қолданылатын бұйымдарда геометриялық ою-өрнектер үшбұрыш, төртбұрыш, сүйірбұрыш, сопақша түрінде ұшырасады.

Ал космогониялық ою-өрнек үй жиһаздарында күн бейнесінде бейнеленіп, айналасына ұсақ жұлдызшалар,

бұлт, толқын салынып отырған.

Қысқасы, бізге дейін жеткен қазақтың ою-өрнегі көшпенді өмір салтының көрінісі десек, қазіргі кезде де ол қолданыстан шыққан жоқ.



**Динара
БҮРКІТБАЕВА,**
курсқа қатысушы



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірілескен ЖОБАСЫ

**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА
БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР
КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ
ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН
ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА,
СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.**

«КУРСҚА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСУЫМ КЕРЕК ДЕП ШЕШТІМ»

Алматыда ұйымдастырылған журналистикаға баулитын курсқа көзі нашар көретін жандар қатысты. Бұл курста журналистика теориясына арналған дәрістен басқа, тәжірибелік сабақтар да өткізілді.

Енді осы курс туралы өз пікіріммен бөлісе кетейін. Алғаш мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Бәріне ортақ журналистика» туралы естігенде, бұған міндетті түрде қатысуым керек деп шештім. Өйткені бүкіл әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды күн сайын оқып, көріп отыратындықтан, ақпараттың қалай

жазылатынын, телеарнадағы бағдарламалардың қалай дайындалатынын білгім келетін.

Курс шеңберінде түсірілімге және жаңалықтар бағдарламасы студиясына бас сұғуға мүмкіндік туды. Кәсіби журналистер бізге камера алдында тұруды, микрофонды дұрыс ұстауды үйретті. Ақпарат пен мақаланың қалай жазылатынын білдік. Сондай-ақ мобилографияның қыр-сырына қанығып, әлеуметтік желіге пост жазуды үйрендік.

Өз басым осы курста үйренген ілім-білімді алдағы уақытта кәдеге жаратамын деген ойдамын. Өйткені

бұған дейін де мен бірнеше бағдарламаға қатысып, студиясында болған едім.

Курс соңында бізге жаңалықтарға арнап сюжет түсіруге мүмкіндік берілді. Бұл да есте қалатын, пайдалы тәжірибе.

Меніңше, мұндай курстың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін пайдасы ұшан-теңіз. Өйткені біреулерге ол өз өмірін өзгертуге түрткі болуы мүмкін.

Бағлан ӘБДІКӘРІМ,
курсқа қатысушы

**Бас редактор****Срайыл СМАЙЫЛ****Гүлнар АХМЕТОВА**
Директор**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:****Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**
продюсер-менеджер**Ғалия ҚАЛИЕВА**
дизайнер/фотосуретші**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**
Астанадағы меншікті тілші**Олжас ӘБДІХАЛЫҚ**
редактор**МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС****Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА****Редакцияның мекенжайы:**Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсеТелефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)